

"ДАМУНАЙ" БІРЛЕСКЕН КӘСПОРНЫ ТУРАЛЫ

Күші жойғал

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 3 мамырдағы N 469 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 4 мамырдағы N 406 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.05.04 N 406 Қаулысымен.

1989-1991 жылдары тоқтатылған Шұбарқұдық пен Жақсымай кен орындарын , мұнай шығарудың қосалқы әдістерін қолдана отырып, игеруге қайтадан қосу мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Шұбарқұдық пен Жақсымай кен орындарында шығарылып, тоқтатылған көмірсутегі шикізатын игере түсу, өндіру, тасымалдау, экспорттау мен өткізу жөнінде "Ақтөбемұнай" өндірістік бірлестігінің және "ДиСизар ойл" американ мұнай компаниясының қатысуымен "Дамұнай" бірлескен кәсіпорнының құрылғаны мақұлданын .

2. Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрлігіне :

бір ай мерзімі ішінде "Дамұнай" бірлескен кәсіпорнын құру туралы Келісімді пысықтай түсуді, мүдделі министрліктермен келісуді және оның Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қарауына ұсынылуын;

"Дамұнай" бірлескен кәсіпорнының жұмыс атқаруы барысында республиканың мүддесі көзделуіне бақылау жасауды қамтамасыз ету жүктелсін.

3. Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары, Ақтөбе облысының әкімі "Дамұнай" бірлескен кәсіпорны қызметінің ұйымдастыру мәселелерін шешкен кезде жәрдемдесетін болсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі